

**«ҚАЗПОЧТА» АҚ-НЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ДАМУ КОМИТЕТІНІҢ
2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

Астана қ., 2021

**«Қазпочта» АҚ-ның Директорлар кеңесі
Стратегия және даму комитетінің
2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

1. Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің қызметін ұйымдастыру

Стратегия және даму комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді және өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 қазандағы шешімімен бекітілген «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитеті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет қызметінің мақсаты мәселелерді терең және мұқият қарау және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру болып табылады.

Комитеттің міндеттері Қоғамның Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар беру болып табылады:

- 1) Қоғамның Даму стратегиясын айқындау және оның іске асырылуын мониторингілеу;
- 2) Қоғамның ұзақ мерзімді кезеңде дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қарау және бекіту;
- 3) Қоғамның инновациялық стратегиясын іске асыру;
- 4) Қоғамның инвестициялық қызметін іске асыру;
- 5) «Қазпочта» АҚ-ның Цифрлық трансформациялау бағдарламасын іске асыру;
- 6) Қоғамды жекешелендіру мәселелерін қарау;
- 7) тұрақты даму, сондай-ақ Қоғамның мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері.

Қоғамның Жарғысына сәйкес, Комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

2021 жылы Стратегия және даму комитетінің төрағалары:

- 1) 2021 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін - Аға тәуелсіз директор Жандосов Ораз Әлиұлы;
- 2) 2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін Стратегия және даму комитетінің төрағасы Қоғамның тәуелсіз директоры Серік Нөгербеков Стратегия болып табылады.

Тәуелсіз директор Стратегия және даму комитетінің төрағасы болатын практика Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасы болып табылады.

2021 жылы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің құрамына мыналар кірді:

1-кесте. Стратегия және даму комитетінің құрамы (01.01.2021-01.09.2021 ж. жағдай бойынша)

Стратегия және даму комитетінің құрамы			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні:
1	Жандосов Ораз Әлиұлы	Комитет төрағасы, «Қазпочта» АҚ-ның Аға тәуелсіз директоры	2020 жылғы 28 қазан
2	Саудабаев Серік Болатұлы	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының «Көлік және коммуникация» секторының басшысы	2020 жылғы 28 қазан

3	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	Комитет мүшесі, «Қазпочта» АҚ-ның Аға тәуелсіз директоры	2020 жылғы 28 қазан
---	--	--	---------------------

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі Стратегия және даму комитетінің сарапшысы болып «Самұрық-Қазына» АҚ «Коммуникация» дирекциясының аға менеджері Әлия Маратқызы Дагарова сайланды.

2021 жылғы 01 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 55-бабы 4-тармағында қарастырылған тәртіппен, Тәуелсіз директор Ораз Әлиұлы Жандосовтың өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2021 жылғы 28 қазанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының №49/21 шешімімен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы белгіленді.

Осыған байланысты, 2021 жылғы 05 қарашада Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/21 хаттама) Стратегия және даму комитетінің сандық құрамына 4 жаңа адам қосылып, сондай-ақ жаңа құрам анықталды:

2-кесте. Стратегия және даму комитетінің құрамы (05.11.2021 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін)

Стратегия және даму комитетінің құрамы			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні:
1	Нөгербеков Серік	Комитет төрағасы, «Қазпочта» АҚ-ның Аға тәуелсіз директоры	2021 жылғы 5 қарашадан бастап
2	Манкеев Мұхтар Наурызбайұлы	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару және әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі Басқарушы директор	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	Комитет мүшесі, «Қазпочта» АҚ-ның Аға тәуелсіз директоры	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін
4	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	Комитет мүшесі, «Қазпочта» АҚ-ның Аға тәуелсіз директоры	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін

Комитет сарапшысы А.М. Дагарованың жұмысын Комитет оңынан бағалайды, А.М. Дагарова Комитет жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал ететін қажетті кәсіби білімі бар, жоғары білікті маман болып табылады.

2. Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің 2021 жылғы қызметі

2020 жылғы 08 желтоқсанда Комитет 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

2021 жылы Комитеттің онлайн форматта 7 бетпе-бет отырысы өткізілді, Комитеттің бір ғана отырысы 2021 жылғы 06 желтоқсанда Алматы қаласында офлайн форматта өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 17 мәселені қарап, «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Даму стратегиясын орындау бойынша бірыңғай есепті Комитет тоқсан сайын қарайтынын және почталық және қаржылық бизнестің, сондай-ақ агенттік қызметтер мен электрондық коммерцияның барлық көрсеткіштерін қамтитын көлемді есеп болып табылатынын атап өткен жөн. Директорлар

кеңесіне толық және жан-жақты ақпарат беру мақсатында, мынадай 5 есеп «Қазпочта» АҚ-ның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі бірыңғай есепке (бұдан әрі – Бірыңғай есеп) біріктірілді:

- «Қазпочта» АҚ Жалғыз акционерінің болжамдарын іске асыру барысы туралы ақпарат;
- «Қазпочта» АҚ-ның Даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралардың орындалу барысы туралы есеп;
- «Қазпочта» АҚ Бизнес жоспарының орындалуы туралы есеп;
- «Қазпочта» АҚ-ның маркетингі бойынша есеп;
- ПЕЖ бағдарламалық қамтылымы жөніндегі есеп (Почталық есеп жүйесі).

Бұдан әрі, 2020 жылдан бастап Бірыңғай есеп цифрландыру және ақпараттық технологиялар бағыты бойынша ақпаратпен толықтырылды. Бұл ретте Комитет Бірыңғай есепті мұқият қарайды және талқылайды, содан кейін Директорлар кеңесіне ойластырылған ұсынымдар береді. Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген мәселе бойынша «Қазпочта» АҚ-ның барлық жетекшілік ететін Басқарушы директорлары - Басқарма мүшелері стратегия және қаржы блогы, почталық блок (оның ішінде e-com және логистика), қаржылық блок (оның ішінде агенттік қызметтер) және АТ блогы бойынша дәйекті түрде баяндайтынын атап өткен жөн.

Цифрлық трансформация бойынша жол картасында да ұқсас жағдай: «Қазпочта» АҚ-ның инвестициялық жобаларының ағымдағы мәртебесі» және «Қазпочта» АҚ-ның Цифрлық трансформация бойынша жол картасын іске асыру барысы туралы» екі есеп «Қазпочта» АҚ-ның Цифрлық трансформация бойынша жол картасын іске асыру барысы туралы» атты бір есепке біріктіріліп, оны да Комитет тоқсан сайынғы негізде қарайды.

Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

Стратегия және Қоғамның ұзақ мерзімді даму мәселелері бойынша

Мыналар жан-жақты қарастырылып, бекітуге ұсынылды:

- жаңа редакциядағы «Қазпочта» АҚ-ның 2021-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жол картасы;
- 2021-2025 жылдарға арналған трансформациялау жобаларының портфелі;
- «Қазпочта» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі Даму стратегиясын орындау бойынша бірыңғай есеп (тоқсан сайын);
- «Қазпочта» АҚ-ның Директорлар кеңесі Стратегия және даму комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары.

2021 жылы Комитет «Қазпочта» АҚ-ның Даму стратегиясына үлкен көңіл бөлді. 2021 жылғы 07 желтоқсанда Алматы қаласында «Қазпочта» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің қатысуымен Стратегиялық сессия өткізіліп, оның аясында мынадай салалар қаралды:

- Нарыққа шолу, маркетингтік зерттеулер, қаржылық көрсеткіштер;
- Компанияның шығындылығына әсер ететін факторлар;
- 2027 жылға дейінгі бекітілген Даму стратегиясы;
- Цифрлық трансформация (қосымша сервистер, BIG DATA аналитикасын қалыптастыру);
- eCommerce экожүйесі (Карточкалық бизнес пен интернет-эквайрингті дамыту, 3PL қызмет көрсету);
- eCommerce экожүйесі (Қазақстан арқылы транзитті ынталандыру және бонд қоймаларын дамыту, Жүк тасымалы және кедендік өкіл);
- Ұйымдастырушылық трансформация (ШОБ пен Қазпочтаның серіктестігі);

- Ұйымдастырушылық трансформация (Операциялық артықшылық, қалалардағы бөлімшелердің орналасуын талдау);
- «Қазпочта» АҚ-ның Трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру бойынша алынған сабақтары;
- Dashboards;
- «Қазпочта» АҚ-ның қызметкерлерін ынталандыру түрлері;
- Маркетинг блогы бойынша 2022 жылға арналған жоспарлар;
- Дистрибуция: инфрақұрылымды монетизациялау.

2021 жылғы 29 желтоқсанда стратегиялық сессия нәтижелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне жаңа редакциядағы «Қазпочта» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі стратегиясын іске асыру жөніндегі жол картасын бекітуді ұсынды.

«Қазпочта» АҚ-ның Цифрлық трансформация мәселелері бойынша

2021 жылы Комитет «Қазпочта» АҚ-ның 2021-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жол картасына үлкен назар аударды, ол Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 4 қарашадағы № 12/20 хаттамасы шешімімен бекітілген «Қазпочта» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі жаңартылған Даму стратегиясына және «Қазпочта» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарына сәйкес келтіру мақсатында 2021 жылғы 3 наурызда өзектендірілді.

2021 жылғы 29 қарашада «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы шешімімен (№14/20 хаттама) бекітілген «Қазпочта» АҚ-ның Трансформациялау бағдарламасының 2021 жылға арналған жол картасына енгізілетін өзгерістерді бекіту ұсынылды.

Тоқсан сайынғы негізде «Қазпочта» АҚ-ның Цифрлық трансформациялау жөніндегі жол картасын іске асыру барысы туралы жан-жақты есеп қаралды, оның ішінде оларды табысты іске асыру үшін ұсынымдар берілді.

Келесі мәселелер жан-жақты қаралды:

- «Қазпочта» АҚ-ны жекешелендіру жөніндегі Тұжырымдамалық іс-шаралар жоспарын өзектендіру бойынша Директорлар кеңесінің тапсырмасын орындау туралы ақпарат;

- «Қазпочта» АҚ-ның «Республикалық арнайы байланыс қызметі» филиалының қызметі туралы ақпарат;

- «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі Стратегия және даму комитетінің 2020 жылғы есебі;

- «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық есебі (тұрақты даму жөніндегі есепті қоса алғанда).

- 2021 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері (жедел деректер);

-

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі Стратегия және даму комитетінің 2020 жылғы қызметі туралы есеп.

Жартыжылдық негізде мынадай құжаттар қаралып, назарға алынды:

- еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің 2020 жылғы қызмет көрсеткіштеріне әсері туралы есеп.

3-кесте. Стратегия және даму комитетінің отырыстары (31.12.2021 ж. жағдай бойынша)

Стратегия және даму комитеті мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы
--

№	Т.А.Ә.	Барлық отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Жандосов Ораз Әлиұлы	4	4	100
2	Саудабаев Серік Болатұлы	4	4	100
3	Нөгербеков Серік	3	3	100
4	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	7	7	100
5	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	7	7	100
6	Манкеев Мұхтар Наурызбайұлы	3	3	100

Төраға Серік Нөгербеков Басқарма мүшелерімен және «Қазпочта» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен «Қазпочта» АҚ-ның қызмет мәселелері және стратегиялық көрініс жөнінде бірқатар кездесулер өткізді.

3. Стратегия және даму комитетінің қызметін бағалау

Комитеттің 2021 жылғы қызметін бағалауды Қоғамның комитеттері мен Директорлар кеңесінің қызметін Корпоративтік басқару диагностикасы аясында PWC компаниясы жүргізді. 2021 жылғы бағалау нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы отырысында қаралатын болады. Бағалау қорытындысы бойынша Комитет қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады.

4. Қорытынды

Комитет 2021 жылы Комитет туралы Ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттарын, тапсырмалары мен функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады.

Комитет отырыстары күн тәртібінің барлық мәселелерін Комитет егжей-тегжейлі қарап, «Қазпочта» АҚ Директорлар Кеңесі қабылдаған сараланған және тыңғылықты ұсынымдар берді.

Комитет жұмысы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі мен «Қазпочта» АҚ корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты Жалғыз акционердің болжамдарына сәйкес келетінін атап өткен жөн.